

Қаржы нарығы сарапшыларының сауалнамасы

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
КАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

мамыр 2026

Резюме

- ✓ Мамыр айында теңгенің нығаюуы, мұнай белгіленімінің өсуі және экономикадағы инфляциялық процестердің тұрақталуы аясында қаржы нарығы қатысушыларының көңіл-күйі айтарлықтай жақсарды.
- ✓ Ұлттық валютаның келесі айдағы күтілетін бағамы өткен сауалнамадағы 490,1 ₸/\$ қарсы 471,3 ₸/\$ деңгейіне дейін төмендеді. Мамыр айында теңгеге тоқсандық салық төлемдері, ҚР ҰБ операциялары аясында шетелдік валютаны сату көлемінің артуы (шамамен \$1,2 млрд), бейрезиденттер қаражатының жалғасын жатқан ағыны, сондай-ақ сақталып отырған қатаң ақша-несие саясаты қолдау көрсетуі мүмкін.
- ✓ Бір жылдан кейінгі USDKZT бағамы бойынша болжам 513,4 ₸/\$-ге (бұған дейін 526,3 ₸/\$) дейін түзетілді, бұл, негізінен, «қара алтын» белгіленімдеріндегі геосаяси сыйақының сақталуына және ішкі нарықтағы шетелдік валюта ұсынысының анағұрлым тұрақты болуына байланысты.
- ✓ Сонымен бірге бір жылдан кейінгі Brent-тің күтілетін орташа бағасы Таяу Шығыстағы қақтығыс салдарынан жеткізілімдегі ұзаққа созылған іркілістер тәуекелдерінің ықпалымен барреліне \$89,8 (бұған дейін 83,7) жетті. Бұл ОПЕК+ тарапынан ұсыныстың өсуіне қатысты күтулерден басым түсіп отыр.
- ✓ Қалыптасқан осы жағдай аясында сауалнамаға қатысушылар ақша-несие шарттарының біртіндеп жұмсаруы мүмкіндігін ескере бастады.

- ✓ Сарапшылардың пікірі тең екіге жарылды: сауалнамаға қатысушылардың жартысы инфляцияның баяулауы мен ел билігі қабылдап жатқан шаралардың жинақталған нәтижесіне байланысты ҚР ҰБ-ның 5 маусымдағы отырысында мөлшерлеменің 17,5% деңгейіне дейін төмендеуін күтеді. Дегенмен, қалған 50% респонденттер ағымдағы жылы жылдық ТБИ-дің 9,5–11,5% болжамды дәлізінен шығып кету тәуекелдерін жою және инфляциялық күтулерді тежеу үшін мөлшерлеме 18,0% деңгейінде сақталады деп болжайды.
- ✓ Бұл ретте бір жылдан кейін сарапшылар базалық мөлшерлеме 16,0% (бұған дейін 16,5%) белгісінде болады деп күтеді, бұл инфляциялық қысымның бәсеңдеуіне байланысты.
- ✓ Бір жыл алдағы инфляциялық күтулер 10,7%-ға (бұған дейін 11,0%) дейін төмендеді, бұл оның жылдық динамикасының баяулауы, қатаң ақша-несие саясатының нәтижесі, теңгенің нығаюы және ұлттық валюта үшін сыртқы конъюнктураның жақсаруы аясында орын алды.
- ✓ Осылайша, экономикадағы нақты мөлшерлеме ағымдағы 7,4% көрсеткіштен 5,3%-ға дейін (–210 б.т.) төмендеуі мүмкін, бұл ақша-несие шарттарының жұмсарғанынан белгі береді.
- ✓ Бір жылдан кейін күтілетін ЖІӨ өсіміне қатысты болжам 5,0% деңгейінде сақталды, бұл экспорттық кірістерді, ішкі сұранысты және бюджеттің экономиканы ынталандыру мүмкіндіктерін қолдайтын қолайлы шикізат конъюнктурасының арқасында мүмкін болды.

Қысқа мерзімді күту (1 ай)

USDKZT

471,3
₸/\$

жұптың орташа курсы
USDKZT мамыр айының басында

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ

17,5%

респонденттердің 82%-ы
24 сәуірдегі отырыста базалық мөлшерлеменің сақталуын күтеді

Орта мерзімді күту (12 ай)

BRENT

89,8
\$/bbls

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ

16,0%

USDKZT

513,4
₸/\$

ИНФЛЯЦИЯ

10,7%


ЖІӨ

5,0%


НАҚТЫ МӨЛШЕРЛЕМЕ

5,3%

USDKZT курсының динамикасы (2025 — болжам 2027)



Инфляция динамикасы (2025 — болжам 2027)



ҚҚҚ мамыр айында болжамды раундқа қатысқан барлық респонденттерге алғыс білдіреді.



ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ

Бұл нәтижелер инвестициялық ұсыныс болып табылмайды және тәуелсіз сарапшылардың пікірлерін көрсетеді, сондай-ақ ұсынылған ұйымдардың ресми пікірі болып табылмайды. ҚҚҚ, сондай-ақ осы зерттеуге қатысушылар осы шолуда ұсынылған болжамдар үшін уақыттың нақты бір сәтінде сараптамалық пайымдаулардан аспайтын қандай да бір жауапкершілік көтермейді.

Қаржы және тауар нарықтарындағы бағаның өзгеруі табиғаты мен әсері бойынша әлемде болып жатқан көптеген оқиғалардың салдары болып табылады. Болжау өзектілігін бірден жоғалтуы мүмкін бірқатар болжамдарды қамтиды. Жоғарыда айтылғандарға байланысты ҚҚҚ көпшілік алдында айтылған кез келген болжамдарға тиісті сақтықпен қарауды ұсынады.